



Ақмешіт

4 сәуір
сейсенбі
№27 (1934)
2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ЖӨНДЕЛЕТІН КӨШЕ КӨП СІЗДІКІ БАР МА, ҚАРАҢЫЗ?..

Көктем келіп, күн жылынысымен қалада құрылыс қарқын алатыны қалыпты көрініс. Қаланы көркейту, инфрақұрылымды дамыту мақсатында жыл сайын көшелер жөнделеді.



Осы бағыттағы жұмыстар биыл қаланың шет аймақтарында қолға алынбақ. Оның ішінде жұрт Шанхай деп атап кеткен шағын ауданының 23 көшесін, Қорқыт ата шағын ауданының 6, эл-Фараби тұрғын ауданының 2, Титов қыстағының Бірлік көшесі асфальтталады. Бұл қатарда Бәйтерек ықшам ауданы мен сол жағалау аумағы, Саяхат, Сәулет, СПМК-70 мөлтек аудандары да бар.

Қалаға қарасты кент пен ауылдық округтердегі жол жөндеу жұмыстарына биыл республика, облыс, қала бюджеті және мемлекеттік бағдарламалар арқылы 12 млрд теңге қаражат бөлінген. Соның аясында жалпы саны 238 көше жөнделеді деп жоспарлануда.

Қала әкімі Асылбек Шәменов А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде тұрғындармен кездесті. Жиын барысында қала басшысы облыс орталығында атқарылған жұмыстар мен жүзеге асырылатын жобаларға тоқталып, халықты толғандырып жүрген сауалдарға жауап берді.

Аяқсудан тапшылық көрмеуіміз керек



Биыл Қызылорда қаласында ірі жобалар қолға алынып, ауқымды жұмыстар атқарылуда. Атап айтсақ, тұрғын үй құрылысын дамытуға, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жақсартуға ұлттық қордан, республикалық және облыстық бюджеттерден барлығы 53 млрд теңге бөлінген.

– Бүгінде облыс әкімінің бастамасымен аймақта үш бірдей ғимараттың іргетасы қаланды. Мәселен, 1,6 млрд теңгені құрайтын «Неке сарайы», 2,8 млрд теңгені құрайтын «Облыстық қан орталығының» құрылысы. Алдағы уақытта бұл ғимараттар қаламыздың сәулеттік келбетіне көрік қосады. Сонымен қатар белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құны 1,5 млрд теңгені құрайтын «Анаға тағзым» орталығының құрылысы қарқын алды. Инфрақұрылымдық әлеуетті дамытуда Болат Өтемұратовтың қолдауымен құны 31 млн АҚШ доллары болатын «Қорқыт ата» әуежайы жаңа терминалының құрылысы басталды. Қазіргі кезде қалада бірнеше көпқабатты тұрғын үй салынуда. Ауқымды жобаларға республикалық және

облыстық бюджеттерден 27 млрд 510 млн теңге бөлінді. Осы нысандардың құрылысы аяқталысымен, баспана кезегіндегі тұрғындарға пәтер кілті табысталады. Сондай-ақ бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар, 300 төсектік көпбейінді аурухана салуға республикалық және облыстық бюджеттерден 3 млрд 272,4 млн теңге бөлінді. Ал «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында заманауи үлгідегі 8 мектеп салу жоспарлануда. Оның бесеуінің құрылысы биыл басталады. Ерекше айту кету керек, сол жағалаудан 400 орындық және 300 орындық жатақханасымен физика-математикалық мектеп-интернатының құрылысы жүргізіледі. Сонымен қатар көп-пәтерлі 12 тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізу үшін 773,8 млн теңге бөлінді. Құрылыс-монтаж жұмыстары жуық арада басталады, – деді шаһар басшысы.

ЖЕЛДІҢ ЕКПІНІ 24 НЫСАНҒА ЗИЯН КЕЛТІРДІ



Өткен демалыс күндері ауа райы қолайсыздық тудырды. Ұйытқи соққан жел мен екпінді дауылдың салдарынан ғимараттардың шатыры ұшып, ағаштар сынып, электр желілерінде ақау пайда болды. Жалпы 31 наурыз бен 1 сәуір күні болған антициклон әсерінен аймақта 24 нысанға зиян келген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімі аппаратының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бөлімінің басшысы Ағайша Сматава айтты.

Аймақ бойынша 7 білім, 3 мәдениет, 9 мемлекеттік мекеме, 2 көпқабатты, 3 жеке тұрғын үй ғимаратына зиян келген. – Қазіргі таңда аталған жағдай бойынша комиссия тобы құрылып, келтірілген шығын есептелуде. Алдағы уақытта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі, – деді бөлім басшысы. Мамандар әдеттегі ауа райының бұзылуы емес, антициклон деп баға берген желдің ұйытқуы секундына 15-28 метрге дейін орын алған. Соның салдарынан электр бағаналары құлап, жарықтың ажыратылуына себеп болған. Бұл жағдай Жалаған, Қармақшы, Шиеді ауданы мен Тасбөгет кентінде болды. Қатты желдің салдарынан 39 электр бағанасы құлаған. Дауылдан кейінгі қалпына келтіру жұмыстарына 64 бригада, 54 техника мен 264 қызметкер жұмылдырылған. Ал төтенше жағдайлар департаментіне бұл күндері жеке тұрғын үйлер мен нысандардан 18 шақырту түскен. «Қазгидромет» АҚ облыс бойынша филиалының бөлім басшысы Әйкерім Жүкенова екпінді желдің күші алдағы күндері басылатынын айтады. Сондай-ақ ауа температурасы жылынып, жауын-шашын болады.


Қытымыр қыстың қыспағынан шығып, жаймашуақ күнге жеткен халқымыз қашанда қоғаландыруды көктем айында бастаған.

Көктеймін десең көшет ек

Дәстүрге айналған бұл үрдіс биыл «Тал егу – сауапты іс!» экологиялық акциясымен басталды. Акция аясында орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің аумағына көшет егіліп, тал отырғызылды. Сауапты шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтан бастап ардегерлер, зиялы қауым өкілдері, жергілікті мемлекеттік мекемелер мен құқық қорғау саласы басшылары, белсенді жастар қатысты.

Экологиялық акцияның мақсаты – қаламызды көркейту, қоғаландыру. Акцияға қатысушылар қала аумағына 500 көшет егіп, 3500 түп ағаш отырғызды. Бұл мақсаттағы жұмыстар аймақ бойынша жалғасын таппақ.

Экологиялық шараға белсенді қатысушылар акция соңында бағалы сыйлықтармен марапатталатын болады. Әдеттегідей «Үздік аудан орталығы», «Үздік ауыл» және қала ішіндегі «Үздік мөлтек аудан» аталымдары тағайындалып, ең үздігіне табысталады.



«PINDUODUO» ҚАУІПТІ МЕ?

«Pinduoduo» – Қытайда киім, жиһаз бен тамақтан бөлек тағы миллиондаған тауар сататын онлайн сауда платформасы. Онлайн дүкенде айына шамамен 750 миллион қолданушы сауда жасайды екен. Міне, осы платформа өз қолданушыларын бақылауы мүмкін. Бұл туралы CNN Business арнасында Нектар Ган, Ел Сюн мен Джулиана Лю «Сарапшылар қытайлық қосымшадан шпиондық әрекеттер анықталғанын айтуда» тақырыбында мақала жариялады.



Киберқауіпсіздік зерттеушілері аталған қосымшаның смартфон қауіпсіздік системаларын айналып өтіп, басқа қосымшадағы жасалған әрекеттерді бақылауы мүмкін деп дабыл қағуда. Соның ішінде баптауларды өзгертіп, хабарламаларды оқуы мүмкін екен. Сондай-ақ қосымшаны орнатқаннан кейін оны өшіру де оңай емес.

Мәселені анықтау мақсатында CNN арнасы Азия, Еуропа мен АҚШ-тың киберқауіпсіздік ұжымдарымен және аталған платформаның бұрынғы қызметкерлерімен тілдесіп көрген. Тілдесу барысында кей сарапшылар бұл қосымшаның «Android» платформада қауіпті функцияға мүмкіндік барын анықтаған. Соның ішінде «Pinduoduo» смартфондағы өзге онлайн сауда платформасындағы бағаларды салыстыра алады-мыс.

«Мұндай танымал әрі пайдаланушысы көп қосымшаның құқықтық шектеулерге қарамастан осындай әрекеттерге барады дегенге сену қиын. Олардың бұл әрекеті заңсыз және өздеріне тиер кесірі көп», – дейді финдық киберқауіпсіздік компаниясының сарапшысы Микко Хиппонен.

Бұл қосымшадағы кемшіліктерді анықтау соңғы уақытта Қытайда ойлап табылған бағдарламаларды зерттеумен тығыз байланысты. Мысалы, қазіргі кезде «TikTok»-ты америкалық заңгерлер бұғаттау керек екенін алға тартып отыр. «Pinduoduo» қосымшасының Америкадағы Темп жүйесі де қазір бұғатталудың алдында тұр. Себебі бұл қосымша да қытайлық «PDD» компаниясына тиесілі.

«Pinduoduo» ақпаратты Қытай үкіметіне беріп отыр дегенге ешқандай дәлел жоқ. Дегенмен америкалық құқық қорғау органдары қытайлық билік өз еліндегі барлық кәсіпті бақылай алатын болғандықтан бұл қосымшадан қауіптеніп отыр.

«Pinduoduo» қауіпті екені туралы мәлімделерден кейін PlayStore да тексеру жүргізіп, қосымшаны жүктеу мүмкіндігін шектеді. Одан бөлек, ресейлік киберқауіпсіздік өкілдері де бірқатар кемшілік анықтағанын мәлімдеді.

«Pinduoduo» өз кезегінде бұл мәлімделердің барлығын негізсіз екенін алға тартып, ешқандай қауіптің жоқ екенін айтқан. CNN өз кезегінде компанияға бірнеше сауал жолдағанымен ешқандай жауап ала алмаған.

Бұл қосымшаны Қытайдың 3/4 бөлігі қолданғанмен тауарларының бағасы қымбат еді. Алайда 2015 жылы Google компаниясының экс қызметкері Alibaba-ны басып озу үшін өз идеяларын ұсынған. Соның ішінде табыс көзі аз ауылдық жерлерге жеткізу қызметін ұйымдастыру және жеңілдік жасау әрекеттері арқылы танымалдылыққа ие болды. Арнаға қудалаудан қорқатындықтан есімін жасырын қалдыруды сұраған компанияның бұрынғы қызметкері компанияның бұл әрекетін түсіндіріп берген. Оның сөзінше, «Pinduoduo» алғашқыда көбіне ауылдық жерлер мен провинцияларға қызмет етуінің басты себебі – кемшіліктерді көпшіліктің білмеуі. Яғни, компания қызметінің кем тұстары мегаполистен гөрі провинцияда айтыла, көпшілікке жете қоймайды.

Наурызда Google Play қосымшаны жүктеу мүмкіндігінен айырды. Өйткені олар «Pinduoduo»-дан» смартфондағы жеке деректерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін операциялық жүйелерді анықтаған. «Біздің команда «Pinduoduo» қосымшасына тағы да зерттеу жүргізіп көрді. Код жазу нәтижесінде бірқатар кемшілік анықталды. Соның ішінде қосымшаның өзгелерден қауіпті артықшылығы – жеке деректерге қол жеткізуге мүмкіндік алуға әрекет жасайтыны анықталды», – дейді Дэлвер штатындағы «Hyrönen's WithSecure» компаниясының өкілі.

Сонымен қатар қосымшаны қолданбаға да «фондық режимде» жұмыс істеуі және өшіруді қиындату арқылы компания өзінің қолданушылар санын арттырып отырған. Одан бөлек, өз бәсекелестеріне шпионаж жасау арқылы бағаларды салыстыруға мүмкіндігі болған. «Pinduoduo» жаңарту барысында тексерістен айналып өтетін функция қолданғаны да анықталған.

Қосымшаның қауіптілігі туралы алғашқы мәлімдемелі апқанда қытайлық «Dark Navy» компаниясы жасаған еді. Бірақ бұл кезде олар қосымшаның атауын атамағандықтан өзге эксперттер зерттеу жүргізу нәтижесінде «Pinduoduo»-ны анықтап, көпшілікке мәлімдеді. Сол себепті «Pinduoduo» 5 наурызда қосымшаға 6.50.0 версиялы жаңартуын жасап, қауіпті эксплоиттарды өшірген.

АҚСУАТ АЯҚСУҒА МҰҚТАЖ

Қала іргесінде орналасқан Ақсуат ауылдық округі тұрғындары ауылға табиғи газ тарту мәселесін бірнеше жыл көлемінде қаулап келді. Бүгінде халықтың базасына айналған мәселесі оң шешіліп, жуырда ақсуаттықтар «көгілдір отынның» игілігін көрмек.

Ауылдық мәдениет үйінде өткен кездесуде қала әкімі Асылбек Шәменов тұрғындарға жақсы жаңалықты жеткізді.

Бытыр қала басшысы ақсуаттықтармен 3 рет кездесу өткізген. Онда нақты 7 мәселе көтеріліп, назарға алынған. Бүгінде соның 3-еуі орындалғанын жеткізген қала әкімі қалған 4 мәселенің шешімін табатын күн алыс емес екенін мәлім етті.

Биыл ауылдың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын жақсарту бағытындағы жобалар іске аспақ. «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында Ақсуаттағы 16 көшеге орташа жол жөндеу, асфальттау жұмыстары жүргізілмек. Сонымен қатар 13 көшеге жарық бағанасын орнату жоспарлануда. Ә.Құдабаев көшесіне жаңа жүргіншілер жолы салынып, жаңа қонысқа электр желілері тартылады.

Жиында ауыл халқы қала әкімінің жұмысына оң баға берді. Десе де ауылда тұрғындарды толғандырған жайт жетерлік. Соның бірі – көшелердің тарлығы. Жұртшылық мұндағы негізгі көшеден бастап барлық аумақтағы көшелердің тар екендігін, тіпті екі көлік қатар жүре алмайтындығын айтты. Әсіресе үлкен сыйымдылықтағы қоғамдық көліктердің де жүруіне ке-

дергі келтіреді. Тар жерде жүйткіген көліктер жол апатын тудыруда. Сол себепті жылдамдық шектеу, басып озуга



рұқсат жоқ сынды белгілер орнатып, орталық Адыранова көшесінің бойына бейнебақылау орнатса деген тілектерін жеткізді.

Жол мәселесі тек бұл ғана емес. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің бойында орна-

ласқан ауыл халқына қалаға шығатын үлкен жолға жету үшін Сабалақ саяжайы немесе Наурыз шағын ауданы арқылы өту керек. Айналма жолмен өту біршама уақытты алатын болғандықтан тұрғындар ауылдан тура шығуға мүмкіндік жасалса дейді. Бұл ретте қала әкімі халықаралық жол болғандықтан өзіндік талабы барын тілге тиек етті. Дегенмен алдағы уақытта дәліз жолын Ақтөбе қаласына дейінгі аралықта

ортасында орналасқан ауылдағы аяқсу тапшылығы жергілікті халықтың мұқтажына айналған. Ішкі су жолдары, егесіз су арналары талай жылдан бері тазартылмағандықтан осындай жағдай туындап отыр. Бұл мәселеге байланысты табиғатты қорғау саласының мамандарына ұсыныс беріледі. Арнайы комиссия құрылып, су арналарын тазарту жұмыстары да жүргізілетін болады.

Кездесуде көтерілген мәселелер күн тәртібіне енгізіліп, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

Жиында жұртшылық бұдан бөлек ауылға пошта қажет деген тілектерін де жеткізді.

Айдана СЕЙІЛ

ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ



Өмірімен де, тамаша еңбек жолымен де өзгелерге үлгі бола білген, жаны жайсаң жан – Қаржаубай Түлебаев ағамыз. Ол туралы қаншама тебірене айтып, толқып жазсақ та оның бүкіл болмысын деп басып бере алмаспыз. Қаржаубай аға жайлы ақтарылар сыр мен айтар әңгімеміз таусылмақ емес.

Бұл кісінің өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге. Қаржаубай Түлебаевты 1910 жылы 10 мамырда құт қонған Сырдария ауданы, Айдарлы ауылында қарапайым отбасында дүниеге келді. 1920 жылы отбасылық жағдайға байланысты Өзбекстан Республикасына қоныс аударған. Сол жақта молдалардан сауат ашып, медреседе білім алып, араб тілін жетік меңгереді. Отбасында алған ұлағатты тәрбие мен арманын ұштастырып, ағамыз 1926 жылы Өзбекстан Республикасындағы ішкі істер училищесіне оқуға түсіп, 1930 жылы бітіреді.

Осылайша 1933-1936 жылдары Өзбекстан Республикасындағы ішкі істер органында милиция қызметінен бастады. Сөйтіп қызметтік сатыда көтеріліп, 1936-1941 жылдары ішкі істер органында қажырлы еңбегі үшін милиция капитаны лауазымына тағайындалды. Одан кейін 1942-1944 жылдары қызмет барысымен Қырғызстан ішкі істер министрлігіне милиция капитаны лауазымына ауысып, халқына адал еңбек етіп, абыроймен зейнеткерлікке шықты. Ол алыста жүрсе де қашанда бір бүйрегі туған жерге бұрып тұратын азаматтың бірі еді. Өзге елде өмір сүрсе де, қазақшылықты қаймағын бұзбай, салт-дәстүрді берік ұстады. Ол 1950 жылы өз еліне Қазақстанға, туған жері Қызылорда облысы, Машина Сынау Станциясына (қазіргі Ақжарма ауылдық округі) қоныс аударды. Осы ауылдың өсіп-өркендеуіне, мал шаруашылығы, өндіріс, инженер-техника салаларының дамуына үлес қосу мақсатында өз қаражатымен сауда орнын ашып, халыққа қызмет етті.

Қаржаубай ағамыздың кішіпейілдігі мен мәдениеттілігі шыншыл да өзгерлерден ерекше. Әрбір айтқан сөзі жүрегіне ұялап тұрады. Жүрегі таза жан. Адам мәдениеті жоғары болған сайын, оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы да сыпайы болады.

Мереке АСАНБАЙҚЫЗЫ, аудар-ұстаз, Ақжарма ауылдық округі

ҚОСШЫҢЫРАУ: ТҰРҒЫНДАР ТОЛАССЫЗ ОҚ ПЕН ЖАРЫЛЫСҚА АЛАНДАУЛЫ



Биыл Қызылорда қаласы және оған қарасты ауылдарға барлығы 53 млрд теңге қаржы бөлінген. Соның ішінде 238 көшеде жол жөндеу жұмыстарына 12 млрд теңге жұмсалмақ. Бұл қаражаттың ішінде Қосшыңырау ауылдық округіндегі 11 көшенің жолын жөндеу, жарық және жаңа жүргіншілер жолын салу жұмыстары да енгізілген. Мұндай мәліметтерді қала әкімі Асылбек Шәменов Қосшыңырау ауылдық округі тұрғындарымен кездесуде айтты.

Қысқаша мәліметтерге тоқталған соң қала басшысы ауыл тұрғындарының сұрақтарына жауап берді. Ең бірінші сұрақ кездесуге қала әкімімен бірге келген облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаева бағытталды.

«Бұрынғы ауыл ардагерлері жиналып, шипажайға демалуға баратынбыз. Қазіргі кезде де басқа аудан, ауыл ардагерлері барып жатыр дегенді естиміз. Бірақ Абай ауылының бір ақсақалы мен ақжаулықтысы барған жоқ. Өз қаражатымызға болса да барғымыз келеді. Сондықтан неге ұйымдастырмасақ?» – деп сұрады ауыл тұрғыны Бармагүл Әбжанова.

Бұл сұраққа облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев: «Абайлықтар мен үшін қашанда ыстық. Сұрағыңыз да орынды. Ең соңғы рет 10 жыл бұрын «Игілік» деген қор арқылы облысқа барлығы 2200 жолдама берілген. Көп ардагеріміз осы жолдамамен барып, демалып келген. Бүгінде мұндай жолдама беру тоқтап тұр. Дегенмен биыл осы мәселені қайта қолға алып, облыс әкіміне 6 шипажайға баруға 750 жолдама беру туралы ұсыныс жасадық», – деп жауап берді.

Кездесуде қала әкімі ауылға тартылатын газ жүйесі туралы да айтты. Экономика министрінің өңірге сапарында мәселе көтеріліп, биыл осы жобаға қаржы бөлінген. Қала басшысы мердігер мекемеге қажетті материалдарын алуға алдын ала төлем жасалғанын, жыл аяғына дейін жобаны аяқтау керектігін айтты. Сондай-ақ ауыл әкімі Сейдуали Әбдіқадырқова құрылыс жұмыстары аяқталған тұста қазылған жерлерді уақытылы реттеуді арнайы тапсырды.

Бұл мәселеге байланысты ауыл тұрғыны Өмірсерік Оналбаев жұмыстардың нақты қашан басталатынын, сызбаны кім жасайтынын сұрады. Сондай-ақ сызбаны жасар алдында ауыл тұрғындарымен ақылдасса, халықтық комиссия құрса, мердігер мекеме халықпен кездесе деген ұсынысын жеткізді.

«Мердігер мекеме «Ремстроймен» келісімшарт жасалып қойды. Жұмыс кестесі мен аяқталу мерзімі жақында бекітіледі. Ал жобаның сызбасы, яғни ауылға құбырдың қалай тартылатынын туралы сызба мем-

Аслан НҰРАЗҒАЛИ



лекеттік сараптамадан өтіп, оң қорытындысын алып қойған. Ол өзгермейтін сызба. Егер жобада қалып қойған үйлер болса мердігермен келісіп, жеткізіп беру керек. Бұл тапсырманы ауыл әкімі мен тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімінің басшысы Жәнісбек Файзуллаев, өздеріне жүкттеймін. Сосын ауыл әкімі мердігермен бірігіп халыққа жобаның презентациясын өткізсін. Халықтық комиссия да құрылыс жұмыстарын бақылай алады», – деп жауап берді қала әкімі.

Жиында тағы бір маңызды мәселе айтылды. Ауыл тұрғыны Галия Қапарқызы «сыыр фермасы» учаскесі жаққа жол салып, ауызу керектігін жеткізді. Бірақ бұдан да маңызды мәселе барын айтты. «Біздің аумақтағы үйлерден 200 метр жерде әскери бөлімнің полигоны орналасқан. Оларға бұл жерді қай заңдылыққа сүйеніп бергенін білмейміз. Бірақ олар оқу-жаттығу өткізген сайын гүрс-гүрс жарылыс. Үйлеріміздің қабырғасы жарылып, бітті. Мұнда 13 үй бар. 13 үйде қанша адам бар. Қалай дегенмен оқтың иісі, жарылыстың денсаулыққа зияны бар ғой. Одан бұрын егістікке де бара алмай отырмыз, оқ тие ме деп қорқамыз», – деді.

Аяқсудан тапшылық көрмеуіміз керек

Кездесуде айтылған мәселенің бәрі жеке бастың емес, қаланың өсіп-өркендеу жолындағы жұмыстарды дамыту тәрізінде болды. Оның ішінде тұрғындардың басты сұрағаны – сапалы жол, жарық, таза ауызу, қолжетімді аяқсу. Ең бастысы, көктем мезгілінде аяқсу тапшылығының алдын алуды сұрады. Халықтың айтуынша, қаланың орталық көшелеріндегі су көздерін тазалау жұмыстарына дер кезінде кіріссе, аяқсудан тапшылық болмайды. Осы орайда айта кету керек, биыл тозығы жеткен ауызу және кәрізсу желілерін қайта жаңғыртуға республикалық және облыстық бюджеттерден барлығы 3 млрд 791 млн теңге қаралған. Зерделеу бойынша анықталған аумақтардағы желілер жаңаланып, қосымша жұмыстар жасалмақ.

Басы 1-бетте

Тұрғындармен кездесуден соң қала әкімі Асылбек Шәменов «AMANAT» партиясының қалалық филиалында тұрғындарды қабылдады.

Баспана мен медициналық көмек – басты қажеттілік



«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасымен тұрғындардың жеке мәселесі бойынша қабылдауға құқық саласының басшылары да қатысты. Қабылдауға келген қызылордалықтардың басым бөлігі тұрғын үйге мұқтаж. Олар баспана алу жолдарын сұрап, тұрғын үй кезегіндегі кейбір мәселелерді қозғалды. Сондай-ақ кездесуде мүмкіндігінше шектеулі азаматтар денсаулық жағдайына байланысты медициналық көмек қажет екенін айтса, жұмыссыз азаматтар екі қолға бір күрек табылса деген тілектерін жеткізді.

Жалпы қала әкімінің қабылдауына көпбалалы аналар, мүгедектігі бар азаматтар мен жұмыссыздар сана-тымен 70-ке жуық тұрғын келді. Одан өзге 82 азаматтың өтініші қаралды. Оларды толғандырған қарарды аталған жайттар. Шаһар басшысы негізгі мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берді. Ал құқық қорғау саласының мамандары өз кезегінде келушілерге заң аясында кеңес беріп, түсіндірме жүргізді.

«Ақмешіт-ақпарат»

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

Гүлді жақсы көрмейтін жан бар ма? Оның әдемілігі, иісі, түсі, тіпті атауының өзі ерекше әрі әрқайсысы өзінше сыр шертері анық. Бірақ оны гүлді өсіріп баптаушылар ғана жақсы біледі. Гүл өсіру – ертеден келе жатқан шаруашылықтың әдемі саласы. Табиғаттың сәнін келтіретін, әлемге сұлулық сыйлайтын гүлді өсіру оңай емес. Ол өскеннен кейін емес, өскенге дейін де ерекше күтімді қажет етеді. Гүл өсіру үшін оның әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген жөн.

Әрбір адам түрлі салаға, мамандыққа бейім. Оның үстіне мамандық та, кәсіп те көп. Алайда біздің бүгінгі кейіпкеріміздің ролі тым бөлек. Гүл өсіруге әйел адамның өзіндік ықыласы болуы керек қой. Себебі кез келген адам гүл өсіре алмайды. Сондай ықыласты жанның бірі, өз ісін де, гүлді де ерекше жақсы көретін кейіпкеріміз – Ұржан Әбзелова.

Қаланы көркейтіп келе жатқан кейіпкер

Әрбір тұрғын өз ауласына гүл егіп, көшет отырғызуды қолға алса...

Бұл – Ұржан Оралбекқызының сөзі. Жаздың күні қаланың әр көше бойынан түрлі-түсті гүлдерді көре аламыз. Оған қоса аллея, скверлердің хош иісті гүлдермен әсемденген сәтін көріп жүрміз. Міне, осы еңбекке өз үлесін қосып келе жатқан кейіпкеріміз Ұржан Әбзелова 36 жылдан бері абаттандыру-көгалдандыру, санитарлық-тазалық саласында абыройлы қызмет атқарып келеді. Жылдың төрт мезгілінде де оның қолы босамайды. Көктем мен жаз айларында көркейту саласында жүрсе, қалған мезгілде қаланың тазалығымен жүреді. Қарбалас тірлік арасында Ұржан Оралбекқызы бізбен әңгімелесуге алтын уақытын бөлді.

– Жақында алпыс жасқа толдым. 1963 жылы 19-наурызда қазіргі Түркістан облысының Мыңбай ауылында дүниеге келдім. 1980 жылы Ж.Жабиев атындағы 10 жылдық мектепті бітірген соң «Комсомол жастары» бригадасында еңбек еттім. Одан кейін Алматы ауыл шаруашылығы мемлекеттік институтының өсімдікті қорғау факультетіне түстім. Оны 1987 жылы тәмамдап, мемлекеттің бағыттауымен Қызылорда қаласына мамандық бойынша көгалдандыру мекемесіне орналастым. Сол уақыттан бері осы шаһардың көгалдануына үлес қосып келемін, – деді кейіпкеріміз.

Негізі ол алғашқы еңбек жолын қаладағы «Көгалдандыру» мекемесінен бастады. Содан соң аллеяларға түрлі гүл тұқымдарын отырғызып, оларды күтіп-баптау арқылы туған жеріміздің келбетіне сән қосқан кейіпкеріміз қазіргі таңда мекемеде тазалық шебері болып жұмыс істейді. Бірақ әлі күнге дейін өзінің сүйікті ісінен айнымаған еңбек иесі, жыл сайын ауласына түрлі гүлдер мен ағаш көшеттерін отырғызуды игі дәстүрге айналдырған.

– Көгалдандырушылардың жұмысы – қала, ауыл, елді-мекендерде ауаны тазарту, көлеңкелеу үшін тал бұтақтары мен түрлі гүл тұқымдарын егіп, олардың құлпырып өсуіне жағдай жасау. Бұл жұмыстардың жүйелі атқарылуына баршаңыз жауаптымыз. Яғни, аймағымыздың жасыл-желеске оранып, мекенжайлардың әсем көрініске бөленуі өз қолымызда. Оған тек жалқаулық танытпай, көгалдандыруды өз ауламыздан бастауымыз қажет. Мәселен, көптеген жеке сектор ауласына қарапайым үй жағдайында гүл өсірмек былай тұрсын, ағаш көшеттерін отырғызуды білмейді. Егер де әрбір тұрғын көктем мезгілінде өсіргінің алдына ағаш көшеттерін отырғыза бастаса, оның еш қиындығы жоғын бірден түсініп, шаһарымыздың шырайлануына сүбелі үлесін қосқан болар еді, – деді Ұржан Оралбекқызы. Себебі кейіпкеріміздің өзі де ауласына түрлі гүлдер егіп, таза аулаға сән қосудың шеберіне айналған.

– Гүл өсіру хоббиіме айналып кетті. Әр адамның сүйікті ісі болады деп жатады. Негізі ондай іс болған да дұрыс. Тек қаланы ғана көркейтпей, кейде есік алдындағы аулама да мән беру керек деген жауапты жұмысым бар. Үйде аула гүлдерімен бірге бөлме гүлдерін де өсіремін, – деді әңгіме барысында.

Қызылордаға қандай гүлдер төзімді?

Қызылорданың жазғы аптап ыстығы белгілі. Маманның айтуынша, осы ауа-райына төзімді гүлді де екен дұрыс.

– Көбіне қалаға егілетін гүлдің түрлері – питуния, сальвия, кан, герань, көпжылдық раушан гүлдері. Арасында бархат, шафран гүлдерін егуге болады. Бірақ олар ыстыққа қатты шыдай бермейді. Күннің салқын кезінде әдемі болып өсіп тұрады да шілденің ыстығына шыдас бере алмайды, – деді.

Маман кеңесі

Әңгіме барысында маманнан кеңес сұрамасқа болмады. Өйткені біз де есік алдынан әртүрлі гүлдермен көркейткіміз келетіні рас.

– Негізі гүлдерді тегіс жерлерге егуге болады. Бірақ біздің жерге жаңбыр жиі жауағандықтан арық қазып екенді жөн көреміз. Айталық, арық тым терең болып кетпеуі керек, 0,5 сантиметрдей етіп қазып дайындау қажет. Ал арықтың жиегіне егілген гүлдер суды жақсы ішеді. Кейде қатты ыстықта біраз гүлдерден айырылып қалатын кездер де болады. Сол үшін де екі мезгіл суару керек. Айтпақшы, есте сақтайтын нәрсе, жерді аударып, жұмсартып алғаннан соң көң салу керек. Оның үстіне ағаш үгіндісін салуға болады. Себебі ағаш үгіндісі жерді босатып, сорды ұстап тұрады. Пайдасы зор. Өйткені біздің жер тұзды болған соң оны ұмытпау қажет.

Гүл егуге қай кез қолайлы десеніз, сәуір айынан бастап қолға алынады. Мамыр айына дейін толық егіліп болуы қажет. Көбіне гүлдің көшеттері де егіледі. Бірақ олар



АЙНАЛАҢ ТАЗА БОЛСЫН ДЕСЕҢ ӨЗІҢНЕН БАСТА

Санитарлық тазалық және көркейту-көгалдандыру айлығы аясында қала көлемінде жаппай тазалық акциясы өтуде. Оған қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті деп ұстанған әр мекеме қызметкерлері мен жастар қатысуда. Айталық, наурыз айының соңында өткен сенбілікке мекемелерден 1700-ден аса қызметкер және 40-қа жуық арнайы техника жұмылдырылып, қала аумағын қоқыстан тазарту жұмысын жүргізді. Шөп шауып, арық арналарын тазартты, көшет отырғызды.

Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметі бойынша қаланы көркейту-көгалдандыру мақсатында ағымдағы жылға жергілікті бюджеттен 484,7 млн теңге қаражат бөлінді. Қазіргі күні барлық конкурса мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

ҚАЛАНЫ АБАТТАНДЫРУ

Абаттандыру жұмысына келетін болсақ, өткен жылы 564 млн теңге бөлінді. Атап айтқанда, мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру, машина және механизм қызметі, брусчатканы жөндеу, қоршауларды жуу мен сырлау, ескерткіштерді, су бұрқақтарын, аялдамаларды, аллея мен скверлерді, Қызылорда қаласының паспорттарын, контейнер алаңдарын, бильбордтарды, ҚР Тұңғыш Президенті саябағын, қаладағы балалар ойын алаңдарын күтіп ұстау және жөндеу жұмыстары жатады.

Мамандардың айтуынша, осы аталған жұмыстар толығымен орындалды. Сонымен қатар биыл да жүзеге асырылуда. Оған қоса күнделікті қаладағы жарықшамдар мен аялдамаларды тазалау жұмысы да қолға алынған.

КӨШЕЛЕРДІ ТАЗАРТУ

Қаланың санитарлық-тазалығы бойынша «Қызылорда тазалығы» МКК өз жұмысын тұрақты атқарауда. Осы ретте 2021 жылы санитарлық жұмыстарға 666 млн теңге, 2022 жылы 699 млн теңге, 2023 жылы 836 млн теңге қаражат бөлінгені отыр.

Жақында гүл өсіруші әрі гүл сатумен айналысатын қала тұрғыны Алуа Серікқызының қызықты жайт естідік. Оның айтуынша, әр гүл түсінің өз сыры бар екен. Сондай-ақ ол әрбір адам баласына гүл ең керемет сыйлық екенін де жеткізді. Біз бұл ақпаратты оқырмандарымызбен бөліскенді жөн көрдік.

ГҮЛ ТҮСІНІҢ ӨЗ СЫРЫ БАР

– Жақын адамыңыздан сыйлыққа гүл алсаңыз, ол сіздің көңіліңізді көтеріп қана қоймай, денсаулығыңыздың жақсаруына да әсерін тигізеді екен.

Айтпағымыз, дәрілік өсімдіктердің емдік әсері емес, көдіміз аулаға, бөлмеге көрік беретін қарапайым гүлдердің денсаулыққа пайдасы жөнінде көп нәрсе білуге болады, – деді кейіпкеріміз.

Гүлдің науқастанып жатқан адамның сауығып кетуіне әсер ететінін бұрынғылар жақсы білсе керек. Сол себептен ертеректе науқас жанның алдына гүл шоқтарын қою дәстүрге айналған. Әдетте гүл таңдауға келгенде біз сыртқы пішіні мен түріне, әдемілігіне ғана мән береміз. Ал гүлді өсіріп, баптаушылардың айтуынша, көз арқылы қабылданатын гүлдердің түсі миға әсер етіп, ағза қызметін жақсарта түседі екен. Олай болса, гүл түстеріне тоқталсақ...

Сары түс. Зат алмасу қызметін жақсартады. Орталық жүйке жүйесінің жұмысын реттеп, иммунитет күшін көтереді. Сары түсті гүлдерді жұқпа ауруларымен науқастанып жатқандарға немесе уайым шегіп жүргендерге берген жөн.

Қызыл түс. Мидың психикалық белсенділігін арттырады. Қандағы адреналинді көтеріп, адамға күш-қуат береді. Осы түстің әсер етуімен ағзадағы жыныс гормондарының концентрациясы көбейеді. Қызыл түсті гүлдер шаршауды басады. Егер климаттық өзгерістерге ағзаның төзе алмаса бөлмеге қызыл түсті гүлдер қойыңыз, атмосфералық өзгерістерді жеңуге көмекі зор.

Жасыл түс. Ойлау қабілетін жақсартады. Теріс энергияны қуып, адамдағы қорқынышты басады. Бөлме ішінде жасыл түсті бөлме өсімдіктері көп болса, ми ашымай, кез келген нәрсеге мән беріп, сергек жүресіз.

Сондықтан жасыл түсті бөлме өсімдіктерін кеңеске қойған жөн. Ол сізді ашудан сақтап, зейінді етеді.

Көк түс. Түн мен тыныштықтың түсі. Көк және ашық көк түсті гүлдер миға тыныштық сыйлап, ұйқының жайлы әрі жақсы болуына әсер етеді.

Ақ түс. Тазалық пен ұқыптылықтың белгісі. Мұндай түсті гүлдерді жаны таза адамдар ұнатады. Ақ түсті гүлдерді шығынға ұшыраған адамға немесе созылмалы аурудан айыға алмай зардап шегіп жүрген науқасқа сыйлаңыз.

– Гүлдің ісінде де осындай ерекшелік бар. Түстерінен бөлек, олардың иістері де адамның орталық жүйке жүйесіне әсер етіп, ағзаның өмір сүру қабілетін жақсартады. Жалбыздың иісі қан тамырларын кеңейтіп, артериялық қан қысымын қалыпты жағдайға ұстайды. Жүйке жүйесін тыныштандырып, жүрек шаншуын басады. Бас ауруын қойдырталды. Шаршауды басып, тән мен жанға қуат береді. Тәбетті арттырып, ас қорытуды жақсартып, жүрек айнуын басады. Ал түймедақ өзінің жұмсақ иісімен жүйкені тыныштандырып, ұйқыны жақсартады, – деді гүл өсіруші Алуа. Демек гүл тандар кезде осыған мән берсеңіз артық болмас.

Бетгі дайындаған
Ақтолық
НҮРҰЛЫБАЙ
Суреттерді
түсірген
Нұрболат
НҮРЖАУБАЙ





Отбасы

Жалпы жерік болу аяғы ауыр әйелдің күнделікті дайындалатын тағамға деген тәбетінің бұзылуынан басталады. Аяғы ауыр келіншек бір тағамды тағамға құмарлығы артып, сол тағамды ғана жегісі келіп, анасы ауады.

Жерік ас әртүрлі болады. Мәселен, тарихқа көз жүгіртетін болсақ, аналарымыз төрт түлік малдың етіне жерік болған, енді бірі жыртқыш аңға жерік болып, жолдасын қиырағы қол жетпейтін жерге жіберген. Кітаптарда да қасқырдың жүрегіне, жолбарыстың етіне жерік болған аналар біртұр тұлғаларды дүниеге әкелгені жазылады.

Ал қазіргі таңда келіншектердің айтарлықтай нәрсеге жерік болдым дегенін естімейсіз. Естігенің де өте сирек. Қазір көбі тұздалған қияр, тәтті жеміс-жидек, ашы-тұшы көкөністерге жерік болады. Жерік ас ең алдымен ана үшін емес, бала үшін екені бірі білсе, бірі біле бермейді. Жерік асқа деген тандаудың азайып, «тоқырауға ұшырағанын» қазіргі келіншектердің аурушан, нәзік, әліс балаларды дүниеге әкелуінен байқауымызға болады.

Дана халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тарихында жеріктің түрлері өте көп. Аяғы ауыр келіншек жүкті болғаннан бастап айлап, апталап жеріктігі басылмай, ұзақ уақыт бір асқа анасы ауа, онда бұл жеріктік «созылмалы жеріктік» деп аталады. Ал екікабат келіншек бір тағамға анасы ауып, артынан басқа тағамға таңдауы түсіп, түрлі тағамға жерік болса, онда бұл жеріктік «қос жеріктік» немесе «жұл жеріктік» деп аталады. Қай жеріктік түрі кездессе де, аяғы ауыр әйелдің азаматы қалаған асын қандай қиындық болса да жеңіп, тау-тасты, ой-қырды араласа да, тауып әкелуге міндетті. Әр елдің салты басқа демекші, жеріктікті әр өңірде әртүрлі атайды екен. «Жеріктік», «көксік», «көксеу», «тағам жерігі» деген сынды әр түрлі сөздер қосып, тіркестіріп айта беретін көрінеді.

Әйелдің құрағына бала біткеннен бастап, кірпіз бола түседі. Тіпті бұрын мүлдем жегісі келмеген асқа тәбеті тартып тұруы да ғажап емес. Түн ортасында, ел қалың ұйқыда жатқанда сүйікті асын жегісі келетін әйелдер де болады. Жерігін қандырған аналардан туған балалар баһадүр батыр, ақылы асқан дана, тіліп сөйлер шешен болып өседі деп ырымдаған. Мәселен, Жалаңтөс батырдың анасы Ақтұмар көкжалдың төс етіне жерік

Қарап отырсаңыз, бойына бала біткен әйел түрлі асқа жерік болады. Дәл осы жағдайды біреуі жеріктік десе, енді бірі еркелік деп мән бермейді. Алайда мамандардың айтуынша, бұл құрсақтағы баланың белгілі бір қоректі қажет етуіне байланысты пайда болатын құбылыс.

Сондықтан ата-бабамыз баланың болашағы үшін жүкті әйелге бойына бала біткен күннен бастап, дүниеге келгенге дейін тағылымы мол өсиет пен ырымдардың жөн жорығын көрсеткен.



ЖЕРІКТІК дерт пе, әлде еркелік пе?

болған деседі. Ал Шапырашты Наурызбай батырдың анасы Жұпар арланның бауырын шикілей жеп, жерігін қандырған екен деген аңыз қалған. Ал бүгінгі әйелдердің жерік асына мән берілмейді. Керісінше еркелікке балап, жүкті келіншекті кінәлап шығады. Бәріне бірдей топырақ шашудан аулақпыз. Дегенмен қазір көп келіншектің жерік асын келеке қылып, әңгімелеп отыратындар көп. Мәселен, қыста «қарбыз жегім келіп тұр» деген әйелдің арманын орындайтын еркектер некен-саяқ. Бүгінде бәрі қолжетімді болса да, өкінішке орай жерік асын алып беруге ниеттілер аз.

– Тұңғышым аяғым ауыр кезді еш ұмытпаймын. Жас отбасымыз. Пәтер жалдап тұрамыз. Нарықтың екі өкпеден қысып тұрған кезі. Ата-анамыздан жырақта, алыста, басқа қаладамыз. Наурыз көжеге жерік болдым. Бірақ өзім істеген тамақты ішім келмейді. Оның үстіне бұрын-соңды наурыз көже ішіп көрмегенмін. Қалай жасалатынын да білмеймін. Күйеуім екеуміз бір асханаға арнайы тапсырыс бердік. Түс ауса, сағат төрттерде лайын болады деді. Барсақ, наурыз көже емес, көдімгі борщ қой. Жылап жібере жаздағандай болғам сонда.

Сол көжені ансаумен жүріп, ақыры босандым ғой. Содан кейін ауылға барып, анамың наурыз көжесін тойғанша ішкенім бар. Бүгінде есіме алсам, күлкілі сияқты. Содан бастап, наурыз көжені әлі күнге сүйсініп ішемін, – деді көпбалалы ана Гүлзат Мұратбекқызы.

Мамандардың айтуынша, әйел құрсағына біткен шарана тоғыз ай бойына анасының ағзасындағы дәрумендермен қоректен бастайды. Ал кейбір аналардың бойындағы дәрумен іштегі баланың өсіп-жетілуіне жетпейді. Сөйтіп, енді ғана дамып, жетіліп келе жатқан бала таба алмаған азығын ендігі жерде сырттан іздей бастайды. Осы кезде іштегі бала қажет еткен дәрумендерін анасы өз денесімен бере алмай, бала сұранысына қарай қажетті бір асқа жерік болады. Мұны ертеректе әжелеріміз «ананың жерігі», «іштегі баланың көкісі» деп атаған. Ал жерік болғанын білмеген әйелді «итжерік» дейді. Бұрын жүкті әйелдің қалаған асын тауып беру енесі мен абысын-ажынының, күйеуінің міндет болған. Жерік асын жеген әйелдің көңілі де жайлы болып, іштегі бала да жасы дамыған.

Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі біз қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз. Жалпы отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал шаңырақтың алтын қазығы – әйел. Ата-бабамыз бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі өнеге көрген қыз баланың ертеңгі күні ибалы келін болатынын ертеректе айтып кеткен.

Салт-дәстүрде де қыз бала тәрбиесіне байланысты тұстары өте көп. Қазақ қызды кішкентайынан мәпелеп, аялап, қанаттыға қақтырмай, тұмықтыға шоқтығырмай өсіреді. Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп апамыз өзінің «Бабалар аманаты» атты кітабында: «Қазақ қазақ болғалы қыз сыйлаған, қызын алқалаған текті халық еді. Сандығында кілті жоқ жомарт қазақ сол жомарттығын алдымен қызына жасаған. «Ұл – түтін, қыз – күтім» деп қызға жақсыны киізіп, дәмдіні жегізіп, жорғаны мінгізген. Үйдің оң жақ төріне отырғызған. Тұрмысқа шықпаған қызды «оң жақтағы қыз» дейтін сондықтан. «Ұрыс-керіс естіген қыздың мінезінің мәні болмайды» деп, қыз көзінше өрескел, бейпіл сөз сөйлемеген, анайы қылық көрсетпеген.

«Б а қ ы т ы б а й л а н а д ы, ж о л ы



«Қызым үйде, қылыңы түзде»

жүрген кейбір ата-ананың баласына көңіл бөлуге уақыты жоқ.

Өкінішке орай, соның салдарынан қазір қаршадай қыздың оғаш қылығы мен ашық-шашық киімінен көз сүрінеді.

– Қазіргі кезде жас қыздардың тәртібі төмен. Тіпті мектеп оқушысының өзі боянып-сыланып көшеге шыққанда үлкен қыздардан айырмашылығын байқау қиын. Көшеде белдері мен кіндігін көрсетіп шалбар киген қыз баланы көреміз. Ол қыз ертен қандай дені сау ана болып, болашақта дүниеге дені сау перзент әкеле алатынына кім кепіл бола алады. Бесіктен белі шықпай жатып, ұстағаны ең соңғы үлгідегі ұялы телефон. Ғаламтор толған атыс-шабыс, ашық киінген қыздар. Оны бақылап жатқан ешкім жоқ. Мұны көрген бала оған еліктеп көргенін істегісі келеді. Бұл жағдайға шектеу қоятын ата-ана. Қызының немен шұғылданып жатқанына бір мезгіл

көңіл бөлуі керек. Оларды тек тамақтандырып, киіндірумен шектелмей халқымыздың әдет-ғұрпын үйретіп, үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу басты мақсат болуға тиіс. Сондай-ақ қыз баланы кішкентайынан еңбекке баулыса ертеңгі күні нағыз маман дайындалатыны анық. Бүгінгі заманда әрбір ата-ана өз баласының болашағына жауапты болуы керек. Сонда ғана тәрбиелі ұл-қыз өсіретініміз анық. Қай кезде де бала тәрбиесіне немқұрайлы қарауға болмайды. Оларды сәт сайын қалағанда, сабағын тексеріп, жүріс-тұрысын бақылап отыру қажет, – деді көпбалалы ана Үмітқұл Залиева.

Расанда, «Қыз – болашақ ана», «Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі». Қыз баланың тын әлем – жәлем киініп көзге түсуге тырысуы, орынсыз боянып сылануы ерсі көрінеді. Бұл оның тәрбиесінің төмендігін көрсетеді. «Әйелдері тәрбиелі болған халық –

бәлкім бір ұрпақты тәрбиелеу. Салиқалы қыз ғана ұлт болашағын қанды ете алады. Қыз бала мен әке арасындағы қарым-қатынас жасаудың өзінде нәзіктік символ бар. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қыз балалардың қалдыр-қасиеті жайында былай деген: «Қыздар – мейірімді, игі жандар. Бір қызы бар адамды Алла Тағала тозақ отынан сақтайды. Екі қызы бар адам, солардың себебімен жаннатқа кіреді. Ал үш қызы бар немесе қыздары секілді кіші қарындастары бар адам, оларға қамқоршы болса, оның мойнынан жиналған пен садақаның жауапкершілігі түседі» дейді. Тағы бір хадисте: «Егер бір адамның үш қызы болса, оларды киіндіріп, қамқорлық етіп, тамақтандырып, оларға сабырлық етсе, қыздары қиямет күні тозақ отынан сақталуына себепші болады» делінген. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қыз-ұл деп ешқашан перзенттерін болмей, әкелі қамқорлығын аямаған. Олармен ойнап, көңілдерін аулап, әрдайым қуанып жүрген. Қыз баласына ерекше ілтипатпен қарағаны баршаға мәлім. Қыз бала жатқұртық болған соң, барынша адамгершілік пен имандылықты бойына сіңіруге тырысу керек. Ұлттың тыныс-тіршілігі де осы баланы отбасынан

тәрбиелі, әйелдері тәрбиесіз болған халық – тәрбиесіз. Әйелдері үнемшіл, пысық, жігерлі, талапты болса халық бай, ал жалқау, салақ болса халық пақыр, кедей болады» деген ғұламалар сөзі көп нәрсені аңғартады.

«Ұлтыңды тәрбиелеймін десең, ұлыңа, халқыңды тәрбиелеймін десең, қызына тәлім бер» деген сөз бекер айтылмаған. Бұл сөздің астарында үлкен мәселе жатыр. Өйткені қыз – болашақ ұрпақтың анасы.

– Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімнің үш қызы болып, оларға дұрыс тәрбие берсе, маңдай терімен тапқанына киіндіріп бақса, олар (қыздарын тәрбиелеп өсіргені) сол үшін тозақ отынан қалқан болады» деген. Қазіргі таңда қыздардың тәрбиесіне аса мән беруге тиіспіз. Қыз баланың абыройы мен ары, өзіне сай сымбаты мен сыр-сипат, қырық үйден тыйып даярлау қиын. Яғни, қыз бала – үйдің боюы. Қыз баланы тәрбиелеу – бір адам емес,

бастап (бесіктен) дұрыс тәлім-тәрбие беріп, түзу жолға қондан анық байқалады, – деді «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің наиб имамы Ислам Маратұлы.


Адамның бір қызығы бала деген. Оның ішінде қыз балаға дұрыс тәрбие бере алмасақ, оның келешегіне де үміт артпай-ақ қояйық. Күндіз-түні тынбай еңбектенгенің мол ақша табуыңыз мүмкін, ал есейген баланың бойына сіңіре алмаған тәрбиені күндіз қолыңызға шырақ алып ізденсеңіз де таппайсыз. Сондықтан басты назарды бала тәрбиесіне аударған жөн.

Бетгі дайындаған
Ақмарал
ОЛЖАБАЕВА



Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НУРАЗҒАЛИ

Меншік несі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызметкерлерімен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2959 Тапсырыс №526

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолық НҮРҰЛЫБАЙ